ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 20 наурыз №7119-24-00-2/2846 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Д.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Өткелбай» атынан - Өткелбай Айболат Алдоңғарұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Өткелбай» атынан - Өткелбай Айболат Алдоңғарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Өткелбай» атынан - Өткелбай Айболат Алдоңғарұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Өткелбай» атынан - Өткелбай Айболат Алдоңғарұлы нан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 20.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.05.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 10.05.2024

Жеке кәсіпкер «Өткелбай» атынан - Өткелбай Айболат Алдоңғарұлы нан Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 3 588 (үш мың без жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы мен мемлекеттік баж 108 (жүз сегіз) тенге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Д.Нургалиева**

Сот өндірісі - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 20.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.05.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 10.05.2024

7119-24-3-1/2585